

**Сабақтың тақырыбы:**  
**Демография - ұлт тағдыры**

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:**

9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізі ойды анықта. Қарамен жазылған сөйлемдерден түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем құрастыр.**

**Дескриптор :**

**-негізгі ойды анықтайды;**

**-түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем құрастырады;**

- Отбасы кішкентай бір мемлекеттік ұя” деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы - жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы - барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым. Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік мықты болса, қоғамның дінгегі де берік болады. Адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап отбасының тәрбиесін алады. **Ата – анам – өмірдегі ең қымбат адамдарым. Олар мені жақсылыққа әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.** Сабақта да, үйде де ұқыпты, тәртіпті, саналы бала болса екен деп тілейді. Әсіресе, ”Түп қазығың - Отаның, ар - намысың - тілің, кәусар бұлағың - ұстазың, қамқоршың - әкең, ақылшың – анаң” деген сөздері көңілімде жатталып қалыпты. Ата - анамның тілегін орындауға бар күшімді саламын. Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты жан ұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс - тіршілік әкеледі. Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата - ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес.

# Отбасы құндылықтар дегеніміз не?

Отбасы құндылықтары [[өңдеу](#) | [қайнарын өңдеу](#)]

Отбасылық құндылықтар дегеніміз бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден бері келе жатқан немесе жаңадан шығарылған құндылықтар болуы мүмкін. Бұдан басқа адамдар отбасылық құндылықтарды басты 3 топқа бөледі. Олар дәстүрлі , қазіргі , тәрбиелі отбасылық құндылықтар деп аталады.

## 9-тапсырма, 57-бет (құрлымына талдау жасау үлгісі)

- Адамгершілік адамның жүріс-тұрысы мен отырысынан да көрініп тұрады.

Көрініп тұрады-күрделі баяндауыш-сұрағы -не істейді?

Адамгершілік-бастауыш-сұрағы-не?

Адамның-анықтауыш-сұрағы -кімнің?

Жүріс-тұрысы, отырысынан-бұл-күрделі толықтауыш-сұрағы-несінен?

Бұл сөйлемде екі шылау бар. Олар-мен, да.

## 10-тапсырма,58-бет

- 1.Кешке киінгендер де әр түрлі екен: бірі арнайы костюм тіккізсе,бірі күнделікті киімдерімен келген.
- 2.Оларға айтарың сол:мәжілісте бұл мәселе енді көтерілмесін.

Тапсырма:”Отбасы құндылықтары дегеніміз не?”

Дескриптор: -тақырыпты ашады;  
-дәлел келтіреді;  
-100-120 сөз жазады;  
-эссе құрылымын сақтайды